



7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ



АЙБЫНЫ АСҚАҚ, ТҰҒЫРЫ БИІК

ӘТТЕГЕН-АЙ!

АТЫРАУ

АПАТТЫ ҮЙДІҢ АЗАБЫ



Сырттан келген жұрт «Мұнайдың астанасы» деп тамсанатын Атырауда апатты үйлер әлі күнге міз бақпай тұр. «Өз үйім – өлең төсегім» дейтін жұрттың проблемасы толық шешіліп біткен жоқ. Мысал ретінде Лесхоз аумағында орналасқан көне құрылыстарды алайық. Сексенінші жылдары салынған үйлердің әрқайсысында 18 пәтер бар. Кезінде көрінгеннің қолы жетпейтін мекен қазір Бейімбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесіндей болып тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖОЛСАПАР

ҚҰМҒА АЛМА ӨСІРГЕН



(Бұл туралы 4-беттегі ақпарат)



3

АРЗАНМЕН
АТЫН
ШЫҒАРАТЫНДАР...

5

ҚЫЗЫЛМИЯНЫҢ
ҚАДІРІН
КЕТІРДІК

6

ЖЕТІСУДЫҢ
ЖАСТАРЫ

7

ЕР МІНЕЗДІ
КЕЙІПКЕРГЕ
ЗӘРУМІЗ

on the web
JASQAZAQ.KZ



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
70,56

DOLLAR
380.89

EURO
427,15

РУБЛЬ
5,83



ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



Енесін
үлкен
кеммі

(Толығырақ 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген шешен кісі болыпты. Оған замандастары «Достық нешеу?», – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет: «Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық», – дейді. «Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажырата аламыз?», – дегендерге: «Адал достық өмірлік нұсқа, амал достықтың өрісі қысқа», – деп жауап беріпті.

Мұны айтып отырған себебіміз, еліміз Тәуелсіздік алғалы бері адал достықты өмірлік нұсқа етіп алды. Бұл өзгелерге



akorda.kz

«СҮЙІСПЕНШІЛІК БАСЫМЫЗДЫ БІРІКТІРЕДІ»

өнеге болатын, тамаша тәжірибеге айналған бастама. Адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласын, ізгі ниетін, имани көзқарасын, адалдығы мен қарым-қатынасының қаншалықты жақындығын Қазақстан Халқы ассамблеясының XXVII сессиясы тағы бір рет дәлелдеді.

Елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен салтанатқа барлық өңірден 1300 делегат, сондай-ақ Ресей, Түркия, Қырғыз Республикасы және Германиядан арнайы қонақтар келді. Алқалы жиын «Бейбітшілік пен келісім формуласы: жаңғыру мен бірлік» тақырыбына арналды. Қазақстан Халқы ассамблеясының төрағасы Н.Назарбаев құзырлы орынның көп этносты еліміздің басын біріктіретін, қоғамның пікірін тыңдайтын үлкен мінбер екенін баса айтты. Қазіргі таңда құрылым татулық пен тұрақтылықтың басты кепіліне айналды. Тұңғыш Президент: «Біз

бүгін мүлде жаңа тарихи кезеңде өмір сүріп отырмыз. Елдің экономикасы, қоғам өмірі, технологиялар күрделі өзгерістерге ұшырады. Біз олардың көбін қабылдап, біразын үйренудеміз. Осы өзгерістердің арасында өзгермейтін қуатты құндылық бар. Ол – қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісім. Қазір ол

сеніммен бастап келеді. Ұлттық бірлікте өмір сүре отырып, айрықша бағытымызды тандадық. Қазір мемлекеттік тілде оқытатын мектептер жүйесі артып, олар 4 мыңға таяды. Мәселен, өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілінде 88 мектеп бар. 108 білім ордасында этностың тілі жеке пән ретінде оқытылады. 15 тілде

біздің басты құндылығымызға айналған. Күнделікті өмірде біз оны байқамайтын да шығармыз, бірақ болашақта нақ осы фактор

біздің бәсекелестікке төтеп беруімізге мүмкіндік береді», – деді.

Шын мәнінде, ұлттардың ұйысуы, достыққа беріктігі, жүректегі жылу мен сана сергектігі көп қиындықтан шығарады. Осы жерде болмашы бір даудың өзі дүниені төңкеріп кетуі әбден мүмкін екенін ашық айтқан жөн. Мәселен, әлемде 30-дан астам елде түрлі кикілжің орын алса, 40-тан астам «даулы нүкте» бар. Бөріне себепші – ішкі этносаралық және дінаралық қақтығыс. Шын мәнінде, бұдан барлық ел сақтануы керек. Ұлтаралық және дінаралық саясаттағы болар-болмас кателік қайғы-қасіретке ұрындыруы мүмкін. Жер бетіндегі босқындардың 70 миллионнан асуы осының бір көрінісі. Мұның салдары орасан зор. Ауыр азапты қарапайым халық шегуде. Ал тұрақтылық тек елді алға сүйрейтінін уақыт көрсетті.

Елімізде халықтың қалауымен құрылған ассамблея болашаққа нық

35 басылым жарық көреді. Телеарналар 11 тілде хабар таратады. Сонымен қатар 14 орыс, өзбек, ұйғыр, неміс театры бар. Әсіресе қазақ тілін үйрететін орталықтар бөріне қолжетімді. Бұл тұрғыда Елбасы: «Бірлік пен әртүрлілік» 130 этностың басын қосқан заманауи Тәуелсіз Қазақстанның жарқын бейнесі. Олардың барлығы өзін қазақстандықтармыз деп санайды. «Біздің байлығымыз осылар» дегенді айтудан шаршамаймын. Түрлі мәдениет пен тілді ілгері апаратын бөріміз – қазақ жерінде өскен жас ұрпақ. Осы сүйіспеншілік басымызды біріктіреді», – деді.

Ал «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасында 20-дан артық этностық топ өкілі бар. Осы секілді өзгелер мойындайтын баянды дерек пен дәйек көп. Айталық, Ресей халықтары ассамблеясының өкілі Светлана Смирнова: «Біздің ассамблеяны құрушылар барлық тәжірибені Қазақстан Халқы ассамблеясынан алған еді. Тіпті бүгінгі күні де ассамблеямыздың сіздерден үйренері көп. Қазақстанның түрлі халықтар арасында өзара татулық

пен келісімді сақтау бізге ғана емес, әлемнің көптеген еліне үлгі болуға тұрарлық», – деді.

Отыз жылға жуық уақытта әлемге танылып, достықтың туын көтерген еліміздің ертеңі нұрлы боларын уақыт дәлелдеді.

**Жолдасбек
ДУАНАБАЙ**

ОРАЙЛАС ОЙ:

Алла ЧЕЧЕТКИНА, Қостанай облыстық филармониясының баспасөз хатшысы:

«Қазақтың нанын жеп, суын ішіп өскендіктен, ең алдымен, қазақ тіліне құрмет көрсетілуін талап етемін. Мемлекеттік тілде сөйлесемек, білуге тырыспасақ, біздің тәуелсіздігімізге, егемендігімізге қосқан үлесіміз немен өшенеді? Барлық қандас бауырларымды қазақ тілін білуге, сүйуге, өміріне рухани азық етуге шақырамын».

Чун Ян МИН, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты:

«Сөзінде қазақ тілін үйреніп, Қазақстанда жетілдірдім. Бір байқағаным, Қазақстан жастары арасында к-поп жанры өте танымал. Көп адам корей сериалын жақсы көреді. Негізгі қазақтар мен көрістердің түрлері өте ұқсас. Көшеде маған көп жағдайда қазақша сөйлейді. Достарым мені Баян деп атайды. Кейде олар менен «Қозы – Көрпешің қайда?» деп сұрайды. Мен оларға «мені іздеп жүрген шығар» деп жауап беремін. Мүмкін Қозыны Қазақстаннан табармын»...

**Асқар МӘМИН,
Премьер-Министр:**

«Жоғары оқу орнында жетістікке жету үшін алдымен, студенттерге жағдай жасау керек. Министрлікте қаржыландыру моделі мен нақты жоспар бар. Кәсіпкерлер үшін барлық жағдай жасалған. Құрылыс өрнегі жеңілдетілген. Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға қаржы бөлінді».



1+2

**Күләш ШӘМШИДИНОВА,
білім және ғылым министрі:**

«Қазіргі таңда 43 жоба жүзеге асуда. 2019 жыл – 9196, 2020 жылы – 2716, 2021 жылы 8064 орындық жатақхана салынады. Кәсіпкерлердің қолдауымен 20 жоба жүзеге асырылып, 23 оқу ордасына жатақхана салынады. 13 жатақхана жекенің иелігінде. Аймақтар арасында Нұр-Сұлтан қаласы көш бастады. Одан кейінгі орында – Алматы, Шымкент қаласы және Жамбыл облысы.

Әлеумет.т⁰

АБАЙДЫ ОҚЫ, АҒАЙЫН!

Абай бабамыз өнегелі өмірінде иманның жоғары тағдырын белгілеп көрсетті. Оның жоқтығы немесе қате түсіну – зұлымдық пен қайғыға жетелейді. «Қара сөзінің» бірінші әлкісасында «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажылық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны табып алмай өзім де қайранмын», – дейді. Осыдан соң өткен өміріне амалсыз үнілесін. Алдағы күндерің туралы толғанасың. Қара сөздің көлірін білетін, айтқан сөзге тоқтайтын қазақтың бүгінгі ұрпағы Абайды ай сайын оқып тұрса, жөн болар еді. Әркім өзіне есеп беріп, аяғын шалыс басудан аулақ жүрер ме еді...

«Әділетсіз иман да жоқ, адамгершілік те жоқ» – дегенді айтқан да данышпан Абай.

Ал иманға күш беретін адамның ішкі жандүниесі. Жандүниесі жаман, санасы лас адам жат әрекетке бейім тұрады. Байқамаса, бейімнің бірі адамды арсыз, көргенсіз етеді. Көргенсіз кісі көшедегі ерсілігін ұят санамайды. Мынаған қаранышы: әлеуметтік желілерде қыздардың төбелесі ел кезіп жүр. Бірінің шашынан бірі жұлып, алма-кезек тепкілеседі. Бірі екіншісін шиырып алып лақтырып жіберсе де, жеңілгені желпініп жұдырығын ала жүгіреді. Қарап тұрсаңыз, бойларында қыз дейтіндей қылық жоқ. Дөрекі. Әрекеттері айнаы. Оларды ұялы телефонға түсіріп тұрған кім екенін білесіздер ме? Сайдың тасындай жігіттер. «Қарындастарым, қойыңдар!» деп, аруларды ажырататын азаматтың тірлігі таңғаларлық. Халқымыздың «Ұят кімде болса, иман сонда» деген аталы сөзі аяқасты болғаны осындай байқалады. Айтпақшы, осындай төбелесті жақында ғана көргенбіз. Ақтөбелік оқушы қыздар бір құрбысын тепкілеп жатыр. Мұндай басбұзарлық әрекеттер бірді-екілі болса, бір жөн-ау. Көбейді. Қанымыз қарайғаны соншалық, бір ауыз сөзге жүйкеміз шыдап бермейді.

Осы аптада Алматыда тағы бір төбелеске куә болдық. Аулаағы кокыс жәшігін әкетуге келген жұмысшылар ішіп алған жігіттерден таяқ желді. Байқаусызда ауыр соққы алған жұмысшы жігіт ауруханада ес-түссіз әлі жатыр. Бес сағаттық отаны басынан өткерген азаматтың тағдыры қыл үстінде. Аман қаларына дәрігерлер кепілдік бере алмай отыр. Жуан жұдырықтарының барлығы – «өзіміздің жігіттер». Сонда деймін-ау, жауыздыққа неге үйірсек бола түстік. Адамдықтан неге алыстап барамыз?!

Бүгінгі күннің талабы – адамдық. Осы қасиет қапыда ғайып боп барады. Сондықтан ұрпақ бойындағы ұлы қасиет сарымайдай сақталып қалса екен дейміз.

Абай «...Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген. Ақын Шәкәрім қажы: «Адам ақиқатты бас-көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім», – деп тұжырымдайды. Ынсап, әділет, мейірім төңірегінде де толғанатын жағдай жеткілікті. Мәселен, 58 жастағы павлодарлық Құмар Әлмембаев «Садақа жәшігін ашуы тиіс алқа мүшелерін жамағат тағайындауы керек» деген сөзі мешіттің мықтыларға ұнамай қалыпты. Жәшікті ашып жатқан алқа мүшелерінің бірі жұдырық ала жүгірген. Тосын оқиғаға мешіттің бас имамы да куә болған. Әділін айтқан Әлмембаев онбай таяқ жеген көрінеді. Анау-мынау емес, Алла үйінде орын алған бұзақылықты қалай түсіндіресіз? Қасиетті Рамазан айының алдында болған даудың соңы соттасумен аяқталатын сынайлы. Тағы да ұлы ақынның өзіне жүгінер болсақ: «Иман өзінен-өзі пайда болмайды, ол әділет пен әдептілік арқылы пайда болады». Намаз бен діни әдет-ғұрыптарды қатал ұстау ақиқат иман үшін жеткіліксіз екен. Адам әрқашан өзінің рухани әлемімен жұмыс істеген жағдайда ғана иман пайда болады. Ендеше, ашуға беріліп, айғай-шуға дүрлікпей, кез келген нәрсеге қилікпей жүрсек, жөн болар еді. Басбұзарлықтан гөрі бата алған адамның аты озады. «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылына ақыл қос» деген аталы сөз әрдайым жүрегімізде жүрсе екен!

**Жолдасбек
ӘШІМХАНҰЛЫ**



Қызықтан қызықтары

ЕНЕСІН ҮПТЕП КЕТТІ

Мұндай да болады екен. Атырау облысының Қызылқоға аудандық сотында тосын оқиға қаралды.

М.есімді келіншек үйде қайын атасының жоқтығын әрі өзгелердің ұйықтап жатқанын сәтті пайдаланыпты. Жатын бөлмеден қомақты қаражат, киім-кешек пен зергерлік бұйымдар ұрлап, отбасына 2 808 000 теңге залал келтірген.



Қудікті анықталған соң аудандық сот ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 1-тармағымен азаматша М.-ға қатысты қылмыстық істі қарады. Сот келтірілген зиянның орны толтырылуына және жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласуына байланысты М-ны қылмыстық жауапкершіліктен босатты.

Сөз-Жебе

**Дулат
ИСАБЕКОВ,
жазушы:**

Өзгерген түк те жоқ. Әдебиетіміздің рөлі төмендеп кетті. Қоғамдық пікір тудырудан қалып бара жатыр. Астарына үңілсең, бірнеше себебін аңдайсың. «Капиталистік көзқарасты ұстанған жазушы шығармасын өзі жазып, өзі шығарып, өзі сатуы тиіс» деген жалған қағида қалыптасты. «Америкада солай» дейді. Біз ешқашан Америкамен бәсекелес бола алмаймыз. Америкада 350 млн халық бар және әлем жұртшылығы тұтас ағылшын тілінде оқиды. Қазақ халқының саны 12 миллионға енді жетті. Қазіргі жағдайда оның қаншасы кітап оқи алады? Көп болса, 100-200 мың адам оқитын шығар. Көпшілігі кино көрумен шектеледі.

Egemen Qazaqstan



Аптаның айтары

**Әділ АХМЕТОВ,
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ мүшесі:**

«Тақырып мүлдем ашылмаған, сөйлемдерінің барлығы жүйесіз. Дін мәселесі де мүлдем ашылмады деуге болады, үстірт. Екінші кезеңде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының 2-томынан үзінді оқыды. Бұл жерде де өзінің шорқақтығын байқапты. Үшінші кезеңде «Ырыс алды – ынтымақ» тақырыбында баяндама жасады. «Ырыс алды – ынтымақ» тақырыбы мүлдем ашылмады. Сауатсыз болды. Мәселен, бірінші кезеңдегі шығармада бас-аяғы 13 сөйлемде 19 қате кездесті. Сонықтан президенттікке үміткер Жұматай Әлиев мемлекеттік тілді еркін меңгермеген деген комиссия қорытындысы шықты».



Белгілі журналист, қоғам қайраткері Марат Тоқашбаевтың есімі жұртшылыққа жақсы таныс. Қаламгер биыл 70 жасқа толып отыр. Оның публицистикалық дүниелері, айтқан пікірлері мен құнды ұсыныстары оқырмандар тарапынан ұдайы қолдау тауып жатады. Марат ағамен бүгінгі сұхбатымыз қоғамдағы өзгерістер мен құбылыстар төңірегінде өрбіді.



Jas qazaq: Сіздің журналистика саласында жүргеніңізге жарты ғасыр болыпты. Қаламды серік еткен кәсіптен не алдыңыз, қоғамға не бердіңіз? Ойдағы мақсатыңыз орындалды ма?

Марат ТОҚАШБАЕВ: 1969 жылдың мамыр айы ерекше есімде. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің табалдырығын аттадым. «Көңіл деген көк дөнен, өтеді де кетеді» деген осы. Әлі жадымда, мектеп бітіргеннен кейін шопанның көмекшісі болдым. Одан кейін мектепте 3-4 жыл ұстаздық еттім. Жиырма жаста ғана едім. Жазушы болсам деген бала киял санамыздың түкпірінде жататын. Көрген-білгенімді блокнотқа түртіп қойып жүрдім. Бұл менің мақсатыма жол ашты.

Ата-анам ұстаз еді. Журналистикаға келуіме солардың ықпалы болды. «Жетісу» газетінде 13 жылдай істеп, 1982 жылы «Білім және еңбек» журналына ауыстым. Бас редактор — Ақселеу Сейдімбек. Ол кісі шын мәнінде, ұлт патриоты еді. Сонау 80-жылдардың басында ұлттық мәселені ашық жазуға болмайтын. Бірақ жазылған материалдың астарында ұлтқа қызмет ету, ұлт келешегі, азаттық туралы ой қосарлана жүретін. Сондай екі басылым болды. Бірі — «Қазақ әдебиеті», екіншісі — «Білім және еңбек» журналы.

Jas qazaq: Бойыңызда ұлтты сүю ұғымы сол кезден қалыптасқан ба?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Біз ненің не екенін сол кездің өзінде-ақ жүреппен түсіндік. Ұлтшыл болу — қазақты бәрінен үстем ету емес. Ол — қазақ ұлтының еліміздегі басқа ұлттармен ең болмаса дәрежесі тең болуы керектігі еді.

Бала кездегі арманым — қазақ халқына қызмет ету болса, сол бағытта шамамыз

жаңалықтар қызметін түгелдей қайтадан құрды. «Қазақстан» арнасына 3 млрд теңге қаржы бөлінетін. Аз ғана қаржыны облыстарға бөліп беру керек еді. Қаржы тапшылығынан телехабарлардың көлемі ықшамдалды. Сол кезде корпорация бойынша 500 адам жұмыстан қысқартылды. Біздің міндетіміз — мемлекеттік саясатты жүргізумен бірге телеарнаны құлатпай сақтап қалу болатын.

Отбасында қазақша сөйлемеген, қазақ отбасынан шыққан қыздар өзінің ана тілін білмей тұрса, имандылықтан хабары жоқ болса, оның Еуропа қыздарынан не айырмашылығы бар? Оларды ешкім алдап, арбап жатқан жоқ, өз еріктерімен тұрмысқа кетіп жатыр. Оларда ұлттық тәрбие, ұлттық сана мүлдем жоқ. Сондықтан балаларды шетелге ерте жіберуге болмайды. Өйткені өзге ұлттың менталитетін бойына тез сіңіреді.

Сондықтан кадрларды барынша сақтап қалуға тырыстық. Тіпті жарты ставкаға жұмыс істегендер болды. Кейін Астанаға көшу науқаны басталды. Сөйтіп, 1997 жылы қарашада алғаш рет бұрынғы Ақмоладан хабар тараттық.

Jas qazaq: Қазір арналарда қуыршақ көрермен де, жылтындаған жүргізушілер де, байыпсыз



жатқаны құпия емес. Мысалы, шетелде оқып, сол елдің азаматтарына тұрмысқа шығып жатқандары қаншама? Діннен де, ұрпақтан да айырылып жатырмыз. Осы мәселелер жаныңызды ауыртпай ма?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Әрине, ауыртады. Өйткені әрбір ата-ана ұл-қызым жақсы білім алса дейді. Жақсы оқу орнына түсіріп, шетелде оқытқысы келеді. Ал оларды шетелге жіберердің алдында дұрыс тәлім-тәрбие беру керек екенін ескермейді. Баланы жақсы киіндірумен қатар, жақсы ұлттық тәрбие беру керек. Отбасында қазақша сөйлемеген, қазақ отбасынан шыққан қыздар өзінің ана тілін білмей тұрса, имандылықтан хабары жоқ болса, оның Еуропа қыздарынан не айырмашылығы бар? Оларды ешкім алдап, арбап жатқан жоқ, өз еріктерімен тұрмысқа кетіп жатыр. Оларда ұлттық тәрбие, ұлттық сана мүлдем жоқ. Сондықтан балаларды шетелге ерте жіберуге болмайды. Өйткені өзге ұлттың менталитетін бойына тез сіңіреді.

АРЗАНМЕН АТЫН ШЫҒАРАТЫНДАР...

Арзан дүниемен өзінің атын шығарғысы келетін тележүргізушілер арзан атаққа құмар болады. Ол қазақ халқына керек пе, жоқ па деген ойына кірмейді. Оларға тек қана өзінің атын шығару керек. Іс жүзінде қазақ халқына мұндай телебағдарлама керекі жоқ. Сондай хабарға алдап шақырып, қазақ қызының іс жүзінде халықтың алдында абыройын төгу — бұл масқара.

келгенше тер төктік. Менің публицистік шығармашылығым тұтастай ұлтқа қызмет етуге арналған. Көздеген мақсатым да сол. Алла ғұмыр берсе, алдағы уақытта да осы бағыттан таймаймын.

Jas qazaq: Елу жылда біраз жерде қызмет істеліңіз. Қазақ теледидарында біраз жыл басшылық қызметте болдыңыз. Сол жылдардағы теледидариенің әдебі, көтерген жүгі, мүддесі қазіргі телеарнадағы дүниелермен салыстырып қарағанда қандай? Қазір не кемшін, не артық? Көгілдір экранға көңіліңіз тола ма?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Еліміздегі телеарналардың жұмысына көңілім толмайды. Оның бірнеше себебі бар. Мен «Қазақстан-1» телеарнасында жұмыс істеген кез — ғасыр мен ғасырдың, мыңжылдық пен мыңжылдықтың аражігі болатын. Бұл Қазақ телевизиясы үшін өте ауыр жылдар еді. Бұған себеп — 1996 жылы «Хабар» жаңалықтар бағдарламасы жеке телеарна болып бөлініп кетуі еді. «Қазақстан» телерадиокорпорациясы

бағдарлама көбейіп кетті. Мысалы, әдебір бағдарламаға қазақтың бір қызын шақырып сұхбат алды. Қыз пәктігін сатпақшы. Кейіннен ол ақпарат жалған болып шықты. Осындай дүниелер бізге не үшін керек?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Бұл бағдарламадан хабарым бар. Мұның барлығы елдің ақпарат кеністігіндегі «обыр» ауруының пайда болуы дер едім. Кейбіреулер осындай дүниелердің көбейгенін жөн санайды. Халық өзімен-өзі былығы берсін, дүбәра болсын деген сөз. Арзан дүниемен өзінің атын шығарғысы келетін тележүргізушілер арзан атаққа құмар болады. Ол қазақ халқына керек пе, жоқ па деген ойына кірмейді. Оларға тек қана өзінің атын шығару керек. Іс жүзінде қазақ халқына мұндай телебағдарлама керекі жоқ. Сондай хабарға алдап шақырып, қазақ қызының іс жүзінде халықтың алдында абыройын төгу — бұл масқара. Бұл ұлттық идеологияның әлсіздігінен. Оған сен кінәлісің деп біреуді саусақпен шұқып көрсете алмаймыз. Бірақ еліміздегі жүріп жатқан саясатта осындай нәрсе кездеседі. Өншіге, әнге байланысты бағдарламалар соншама көп. Тіпті бір арнаны бір арнадан ажырата алмайсың. «Апама жездем сай» дегендей, бағдарлама жүргізушілері де өзіне сай болып тұр. Халықты алдайтын мұндай арзанқол дүниелерді тоқтату керек. Мұның барлығы — уақытша дүние. Өзгереді деп ойлаймын. Ал қазіргі жағдайда, демократиялық құндылықтарды тірілту, халықтың жағдайын көтеруге бағытталған бағдарламалар көп болуға тиіс. Бұлардың барлығы қазақ халқының, мемлекеттің дамуына кедергі келтіреді. Бірақ осының барлығы түптің түбінде оңалатынына сенемін.

Jas qazaq: Қазақ қыздарының қылығы эфирде ғана емес, өмірде де бұзылып бара

Jas qazaq: Руға бөліну деген дүние дендеп кетті. Қазақтың десе үнсіз қалып, руын айтса, намыстанатындар бар. Өркениетті ел боламыз дейміз. Бірақ әлі де руға бөліну ұшырасады. Бұл қашан толастайды?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Бұл нәрсеге біржақты қарауға болмайды. Бізде 45 ру бар. Оған кірмейтін бірнеше ру бар. Кенестік кезде ол туралы айтылмайтын. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін шежіреге, ата-баба тарихына құштарлық еселеп артты. Тегінде батыр бабаларымыздың тарихының қағаз бетіне түсуі — құптарлық іс. Ал руға бөліну теріс құбылыс. Бұл уақыты келгенде тоқтайтын нәрсе. Сондықтан рулық кезеннен, ұлттық сана биігіне көтерілу біртіндеп жүзеге асатын құбылыс. Қазақ халқының шежірелік жүйелері арқылы көптеген құндылықтарымыз қайтып оралды. Алда ұлт болып бірігу, келешек үшін бірлесіп күресу міндеті тұр.

Jas qazaq: Зиялы қауым арасында діни ағымға бөліну пайда бола басталды. Сол жағдайды байқай алдыңыз ба?

Марат ТОҚАШБАЕВ: Зиялы қауым ішінде бір нәрсе бар. Яғни шынайы дінге сенетіндер бар да, одан бөлек, діни нәрселерден өзін жоғары ұстанатын топ бар. Өзінің иманнан қашық жүргендігін жоғары санайтын адамдар бар. Алланың ең жоғарғы нәрсесі тәкаппарлық. Басқалай бөліну бар деп айта алмаймын. Ал 20-45 жас аралығындағылардың ішінде ислам дінін ыдырату жолын көздейтіндер бар. Арнайы діни ағымдардың қатарында жүргендерді айтамын. Оның ішінде жақсысы да, жаманы бар. Яғни өзі оқып, білім алып келген мемлекеттің мүддесін қорғайтындар да жоқ емес. Сондықтан бізге діни ағымдарды реттеп, қадағалап барып енгізу керек шығар.

Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН

Әуежолы

Отандық Fly Arystan әуекомпаниясы 1 мамыр күні алғашқы жолаушыларын Алматыдан Нұр-Сұлтан қаласына Airbus A320 ұшағымен алып келді.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен құрылған Fly Arystan бюджеттік әуе компаниясы Елордаға алғашқы сапарын сәтті орындалды. Отандық лоукостердің алғашқы жолаушылары тиісті жерге Роза Бағланова есімі берілген Airbus A320 ұшағымен жетті. Әуе кемесін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Склир және «Әір Астана» компаниясы тобының президенті Питер Фостер қарсы алды. Жиналған жұртшылықты 1 мамыр мерекесімен құттықтаған Ахметжан Есімов: «Осыдан тура жарты жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа тиімді, арзан әуе компаниясын ашу туралы



тапсырма берген болатын. Бұл тапсырма — бүгінде орындалған жоспарға айналды. Осы күнге дейін жүйелі жұмыс атқарылды. Бірінші ұшақ Алматыдан елордамызға қонды. Бүгінгі күннен бастап басқа да қалаларға бағыттар ашылады», — деді. Ал индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман



Склир жыл сайын әуе жолаушыларының саны артып келе жатқанын тілге тиек етті. «Әір Астана» компаниясы тобының президенті Питер Фостер журналистерге қазақстандық лоукостердің жоспары туралы айтып берді. Ол: «Бұл ұшақ Таразға, Қарағанды, Оралға ұшады. Павлодар мен Шымкентке рейстер ашылады», — деді.

Оның айтуынша, алдағы уақытта халықаралық рейстер ашу жоспарланып отыр. Қазан айында — үшінші және

төртінші ұшақтарды алғаннан кейін халықаралық бағыттарды ашу жоспарда бар. Әзірге Орталық Азия, Кавказ және Ресейге ұшуды көздеп отырмыз», — деді Фостер.

Сондай-ақ келесі жылы жазда еліміздің курортты аймақтарына да жаңа бағыттар ашылуы мүмкін. Өйткені әуекомпания 2020 жылға Ыстықкөл мен Алакөл аймақтарына бағыт ашуды көздейді. Биыл отандық лоукостер 700 мың адамды, келесі жылы — 2,5 миллион, ал 2022 жылы 4 миллион жолаушы тасымалдауды жоспарлап отыр.

Ғалия ҚАЛИЕВА
(суреттерді түсірген автор)

АТЫРАУ

(Басы 1-бетте)

АПАТТЫ ҮЙДІҢ АЗАБЫ

Әлгі үйіңіз қырық жылдан бері жөндеу көрмеген. Тұрғындардың өз сөзімен айтқанда, қай жерін алсан да шұрық-тесік, жамау. Әсіресе көктемде төпелейтін жауында төбеден аққан су отбасыларының есін шығарады.

Жергілікті тұрғын Надя Садыхова бұл туралы: «Жаңбыр суына жертөледегі көріз суын қосыңыз. Сасық иіс тұншықтырады. Оған қоса, жертөледе атжалман қаптап жүр. Қысқасы, ХХІ ғасырда атжалмандардың арасында, масаға таланып, өмір сүріп жатырмыз. Баспалдақтар бірнеше рет опырылып құлады. Бірлесіп, қайта жасаттық. Бірақ одан аса нәтиже де көріп отырғанымыз жоқ. Бәріміздің көріп жатқан күніміз осы», — дейді.

Біз де барғанымызда көз жеткізген нәрсеміз — үйдің адам көретін көркі қалмапты. Кейбіреулер орысшалап келеке



Фото: МҮ

еткендей, «товарный вид» туралы әңгіме қозғаудың өзі артық. Үйдің кіреберісінде орналасқан электр желілері ашық-шашық күйде суға малынып жатыр. Жертөледегі нәжіс суы, маса атаулының емін-еркін

дернәсілін көбейтетін ұяға айналған. Бір сөзбен айтқанда, антисанитария!

Бірақ біз хабарласқан Атырау қаласы әкімінің баспасөз өкілі Әлия Жәмитова мәселенің барлығын тұрғындардың өзіне аударып қойды. Ол: «Зандылығында жергілікті тұрғындар өздері бірлесіп, пәтер иелері кооперативін құруы тиіс. Бірақ таңдау тұрғындардың өзінде. Бұл үйлер ПИК құрамында болмағандықтан, мұнда термोजанғырту бағдарламасы аясында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге де мүмкіндік болмай отыр», — деді.

Қаласак та, қаламасак та қазір қалыптасқан жағдай осындай болып тұр. Қолданыстағы «ҚР Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы бойынша, барлық жөндеу жұмыстары тұрғындардың есебінен болуы керек екен. Ал осы жағын жұрттың жүйкесіне тимей жеткізетін жан бар ма? Қырық жылдан бері құрылмаған ПИК енді қай уақытта құрылмақ? Қабырғалары қакырап бітуге жақын үй құласа, беймарал отырған тұрғындардың жайы не болмақ? Тұрғын үй қатынасын реттеуге арналған заң бұл жағдайда тұрғындарға қалай қол ұшын соза алады.

Бір сөзбен айтқанда, қорқынышты кино түсіруге болатын үйлерге қатысты сурақтар жауапсыз қалып тұр. Апатты үйдің азабын көргендер қашан қуанышка кенеліп, тыныш ұйықтайтыны белгісіз.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Бәрекелді!

Бүгінде аяқ-қолы сау кейбір

азаматтар екі қолға бір күрек таба алмай жүр. Айтар сылтауы – жұмыс жоқ. Бірақ ізденгендер қандай жағдайда да мақсатына жетеді.

Рас, адам өмірде түрлі кедергіге тап болады. Сол қиындықты қайсарлықпен жеңе білу ерік-жігері мықты кісінің ғана қолынан келеді. Біздің кейіпкерлеріміз тынымсыз тірліктің түрлі сынағынан сүрінбей өткендер. Олар мүмкіндігі шектеулі екеніне қарамастан, өмірден өз орнын тауып, қоғамның белсенді мүшесі болып жүр. Жаксы жандардың өмірі өзгелерге өнеге. Өз кәсібін жан-жақты меңгеріп, білікті маман атануы үшін кез келген кедергіден өтуге тас-түйін дайын.

Тағдыр тауқыметін қажымай көтерген кейіпкерлерімізбен кездесу үшін олар оқитын — Алматы облысының Іле ауданындағы «Прогресс» политехникалық колледжіне келдік. Бізді оқу ордасының мұғалімі Шырайлым Маралбекова қарсы алды. Ол ең алдымен колледжде компьютерлік графика мамандығы бойынша білім алып жатқан Елена Мигеровамен таныстырды. Елена 30

таңда Шырын колледждегі кондитер бөлімінде жұмыс істеп, кішігірім болса да отбасына табыс әкеліп жүр екен. Шырайлым Маралбекова: «Жаны жайсаң қыз ешкімді жатсынбайды. Ортаға тез бейімделеді», — дейді. Ал зерек қыз Шырын: «Мен жақсы естімеймін, бірақ бұл кемістігім кондитер мамандығын игеруіме кедергі емес. Азын-аулақ қаражат тауып, отбасылық табысқа өз үлесімді қосып жүргеніме қуанамын», — дейді.

Осы оқу ордасында білім алуға келіп, бір-бірімен танысып, отбасын құрған ерекше жандар да бар екен. Соның бірі — 3-топтағы мүгедек Нухра Сейітжапарова мен Асхат Ақшошаев. Қазіргі уақытта екеуі колледжде түрлі иіс сабын жасау технологиясын үйреніп, оны отбасылық шағын кәсіпке айналдырыпты. Жарасымды жұп бізге сабын жасау технологиясын көрсетуге асықты. Олардың кабинетіне келіп, сабын жасау технологиясымен таныстық. Асхат алғашында өзін ұяң ұстап, суретке түсуден біраз уақыт қысылды. Кейін еті үйрене бастады ма, күлімдеп, суретке түсуге келісім берді. Бүгінгі кейіпкерлеріміздің әрқайсысы мақтауға да, мактануға да лайықты болып шықты. Өйткені олар өзін жарымжанбыз деп есептемейді. Кез келген кедергіден сүрінбей өтуге дайын. Олар қоғамның толыққанды мүшесі болып, жұртпен бірге жақсы нәрсенің бәрін көргісі келеді, білгісі келеді.

ӨМІР СЫНАҒЫНАН СҮРІНБЕГЕНДЕР



Елена Мигерова

жасында көлік апатына ұшырап, бір аяғынан айырылған. Соған қарамастан, жаксы өмір сүруге барын салып, ақыры жетістіктерге жете бастаған. Ол сабаққа 3 жасар қызын ерте келіпті. Бүлдіршін ақ қағазға қарындашпен сурет салып отырғанда, Елена компьютерлік графиканы үйреніп жатты. Қиындыққа мойымаған жігерлі келіншекті әңгімеге тарттым. — Елена, сіз қазір қай мамандықты игеріп жүрсіз? — Осы оқу ордасы туралы бұдан екі жыл бұрын әкімшіліктен білген едім. Көп ойланбастан, кәсіптік білім алуға бел булдым. Ең бастысы — өмір сүруге талпындым. Отбасымның бір жағына шықсам деймін. Былтыр тігін курсы бойынша оқыдым. Шеберлігімді жетілдірдім. Қазіргі таңда жұрттан тапсырыс алып, шағын көрпеше тігемін. Мұнымен тоқтап қалғым келмеді. Енді компьютерлік дизайнды үйреніп жүрмін. Бір аяғым болмағандықтан, маған бір орында отырып істейтін жұмыс қолайлы. Жолдасым да жұмыс істейді. Өмірден өз орнымды тауып жатырмын. Мен де қоғамның толыққанды бір мүшесі болғым келеді. Елена сабырмен, байыппен ұстазы көрсеткен қимылды қайталап, компьютерді менгеруді үйренуді жалғастырды. Алғыр қыздың алдағы күніне сәттілік тілеп, келесі кейіпкердің кабинетіне бардық. Кондитер мамандығын даярлау кабинетіне келгенімізде, кейіпкеріміз Шырын Маралбекова өзге студенттермен бірге торт пісіруді үйреніп жатыр екен. Ұстазының айтуынша, Шырын кішкентайынан есту және сөйлеу қабілетінен айырылған. Осындай мініне қарамастан, Шырын өте зерек қыз. Ол мұғалімнің айтқан тапсырмаларын жылдам әрі тез орындайды екен. Сурдоаудармашының көмегімен Шырын айналасы жарты сағатта тәтті торт пісіруді меңгерді. Қазіргі

Дәлізде колледж директоры Жанна Телпекбаевамен кездейсоқ жолығып қалдым. — Мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беруде қандай да бір қиындық бар ма? — деп сұрадым.

— Жұмысты алғаш рет бастағанда біраз киналғаным рас. Зағип кісілер қолымен жақсы жұмыс істей алады. Ден қойса, олардан жақсы массажист шығуы мүмкін. Ал құлағының мүкісі бар кісілер киім тігуге, сурет салуға, тамақ пісіруге бейім. Олардан аяқ-киім шебері, тігінші, шаштараз мамандығын даярлауға болады. Арбаға танылған азаматтар негізінен компьютерлік дизайнер, оператор мамандығын тандайды. Осындай мамандықтар бойынша білім алып, бүгінде өз кәсібін дөңгелетіп отырғандар да бар», — делі. Оқу ордасының тәрбие ісі жөніндегі директордың

Шырын Маралбекова



Асхат Ақшошаев

орынбасары, сурдоаудармашы Шырайлы Маралбекова алғашқы кезде біраз киналыпты. Оның айтуынша, кемтарларды кемсітетіндей, бірден ерсі мінез көрсетпеу керек. Өйткені олардың жаны нәзік. Не айтқысы келгенін қабағына қарап түсінеді. Егер жактырмай тұрсаң, бірден сезеді. Екінші рет манайына жуымай қоюы мүмкін. Сондықтан барынша мейірімді, төзімді болу керек. Басты мәселе — мұндай адамдардың үйінен шығуы қиын.

Бүгінде жоба аясында 60 адам мамандық алып, түрлі салаға жұмысқа орналасыпты. Қиындыққа қарамастан, білімге, үйренуге құштар жандардың талпынысын көріп қуандық. Тағдырдың төлкегіне сынып кетпей, қиындыққа қарсы тұрған жандарды көргенде, дені сау жұмыссыз азаматтар ойланса екен дейсін.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Суреттерді түсірген автор

Жолсапар

Өткен аптада әлемнің он шақты мемлекетінен қырық шақты тілші Қытайдың Шинжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының оңтүстік еңірін аралап қайтты. Басты мақсат – соңғы жылдары әлем назарын аударған қазақ, ұйғыр мәселесін, оның ішінде аз санды ұлт саналатын ұйғырлардың өмірін, тұрмыс-тіршілігін көрсету. Осы сапарда Jас qazaq тілшісі де болып, Оңтүстік Шинжаңдағы ұйғыр халқының тұрмысымен танысып, қазақ журналистерінің ішінде алғашқы болып саяси лагерь аталып кеткен түзету мекемесіне бас сұқты. Бұл туралы мақаланы газетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар. Ал бүгінгі жолжазба Шинжаңның күнгей бетінде жоқтан бар жасаған шаруалар өміріне арналды.



Соңғы жылдары «Тақыр жерге тау тұрғызған» деген сөз тұрақты тіркеске айналып барады. Ал сусыз шөл даланы жасыл желекке айналдыру да тақырға тау тұрғызғаннан еш кем болмаса керек-ті. Мұны неге айтып отырмыз?

Оңтүстік Шинжаңда Ақсу деген жер бар. Біз әдетте Тянь-Шань тауының күнгей бетін Қашқар деп қана түсінеміз. Шын мәнінде, ұйғыр халқының атақонысы саналатын бұл өңірде ала шапанды ағайын тұрады. Олар — Қашқардан бөлек, Хотан, Корла, Атұш, Тұмык, Маралбасы, Ават сияқты қала-аудандарға жиі қоныстанған. Ақсу да жер көлемі жағынан ең үлкен әрі көркем қаланың бірі. 2 млн 800 мың халық, 36 ұлт өкілі тұрады.

Үрімжіден ұшқан ұшақ бір сағатта алып Тянь-Шань тауын еңдей кесіп өтіп, күнгей



Шинжаңға тұмсық тіреді. Аспан таудың үстінен өткенде көк жүзі шайдай ашық еді. Күнгей бетке ілінгенімізде, көкжиек тұман сияктанып қалды. Қоңғанда байқадық, біздің тұман дегеніміз — жылдың төрт

маусымы көз ашпайтын қиыршық құм мен сағыз

топырақтың тозаны екен. Әйгілі Такламакан шөлінен ұшқан құм қиыршығы күнгей Шинжаңды осылай тозаң пердемен көміп тұрады. Бірақ ауыз бен мұрынға, көз бен құлаққа кіріп мазаламайды. Киіміңізге де кір жүкпайды. Тек жер-әлем тұманданып тұрады.

Ақсу — қағыр, шөлейт, тасты жер. Қазақстан мен Қырғызстанға шекаралас облыс. Қаладағы ескі құрылыстар қиратылып, бәрі жаңалана бастапты. Бізді Үрімжіден ілесіп барған адамдар бірден шөл далаға алуан түрлі жеміс-жидек егіп, жемісін көріп отырған фермерге алып барды. Уан Шиуа Пин деген қытай кәсіпкері тастақ даланы өңдеп, алты жылдан бері 800 гектар жерге бау-бақша салыпты. Әлгі бағбанға мемлекет 2 млрд юань қаржы бөліпті. Бұл 300 млн доллар деген сөз.

Кәсіпкер Уан: «Ішкі Қытайдан келдім. Алты жыл бұрын бұл жер шөлден қансып, құлазып жатушы еді. Мемлекет берген ақшамен алдымен 300 гектар жерге алма көшетін отырғыздым. Одан кейін жергілікті үкімет қосымша 500 гектар жер бөліп берді. Алдымен жерді трактормен тегістеп, тасын теріп, түгел өңдеп шықтым. Содан кейін жанғақ пен жиде көшетін отырғыздым. Алды жеміс беріп жатыр», — делі.



Бельгиядан келген журналист «Жердің бұрынғы кожайыны бар шығар? Оларға ақша төлейсін бе? Ал мемлекет берген ақша қайтарымсыз қаржы ма?» деп сұрады.

Ол: «Иә, бұл қайтарымсыз ақша. Мемлекеттің ауыл шаруашылығын қолдауға бөлген қаржысы. Бұл жердің бұрынғы кожайындары — ұйғырлар. Қазір менің қарамағымда 56 отбасы жұмыс істейді. Жалпы 86 жұмысшым бар. Әр адамға 800 юань айлық (әр кісіге 40 мың теңге) төлеймін. Сондай-ақ күзгі жиын-терін кезінде жер телімінің көлеміне қарай алатын үлесі тағы бар», — деп түсіндірді.

Біздің байқағанымыз, 800 гектар жердегі бірнеше мың түп ағаш түгелдей тамшылатып суарылады. Долан деп аталатын өзеннің табанын бетондап, қара судың әрбір тамшысын сақтаған күнгейліктер үшін судан артық байлық болмаса керек. «Комсомольская правда» газетінің тілшісі Андрей «Рессейде жерді бір күрек қазсаң, су атылып шығады. Бірақ біз мұндай бау-бақша сала алмаймыз. Қытайлардың мына жұмысы шынымен азапты екен», — делі.

Маған «Жер жәннаты Жетісуда ағашқа су құйып әуре болмайсын. Тал ексең, өзі өседі. Соның қадірін білмей жүр екенбіз-ау» деген ой келді. Ал қытайлар қызыл тасқа тал егіп, айналаны жасыл желекке бөлеп отыр. Бейнелеп айтқанда, табиғаттың бермеймін дегенін тартып алып отырғандай.

Айтпақшы, осы сапарда Үрімжінің шетіндегі үлкен жылыжайға да табан тіреп, шаруашылықтың қыр-сырын көріп қайттық. Жұмысының бәрі автоматтандырылған 22 жылыжай қалашығында гүлдің алуан түрі жайқалып тұр. 125 гектар жерді алып жатқан әйнек қалашық дүнгендер тұратын автономиялы ауданда орналасыпты. Қытайлар дүнгендерді «хуй зу» деп атайды. Қазақшаласак, «қайтатын ұлт» деген мағына береді. Аңыз бойынша, арабтың 80 қолбасшысы қытайларды жаулап, сол жерде 80 қызға үйленіп, ислам дінін тарата бастайды. Олардан туған балаларды бұлар «отанына қайтатын ұлт» деп атайтын көрінеді. Бірақ әлгілер сол күйі араб жеріне қайтпай, хуй зу аталыпты-мыс.

Сол дүнгендер қоныстанған аудандағы жылыжайда гүлдің ғана емес, жеміс-жидектің де алуан түрін кездестірдік. Тіпті тропикалық жеміс саналатын банан да өсіп тұр. Мұнда да әрбір тал гүл, жеміс ағаштарды күту заманауи технологиямен атқарылады. Жыл он екі ай

температурасы 25 градустан түспейді. Алматыдан бірге барған әріптесім Қарлығаш Нұрәлиева «125 гектар демей-ақ қояйын, бізде 12 гектар жерде осы технологиямен салынған бір-екі жылыжай болса, қанша өнім алар едік?!», — деп тамсанды. Бұл жер де тасты, қағыр, шөлейт екен. Соның



өзінде табиғаттың бермесін жинап алып отыр. Көршілердің еңбекқорлығы шын мәнінде ойландырады. Хотанда жүзім бағына бардық. Ақсудан оңтүстікке қарай 1 сағаттан артық ұшып жеттік. Үндістан мен Пәкістанға шекараласып жатқан өңірдің де табиғаты қатал көрінді. Қыс болмайды. Жылдың төрт маусымы жанбыр тамбайтын шөл дала. Бірақ Хотан нас тасымен бүкіл Қытайға танылған өңір болып шықты. Такламакан шөліне жапсарлас жатқан Хотанға бір жылда 2 миллионға жуық саяхатшы ат басын бұрады. Мәселен, былтыр 1 млн 400 мың туристі қабылдаған жүзім дәлізі бар. Ұзындығы 10 шақырымға созылады. Дәліздің бойындағы ауылда 6900 түгін тұрады. Бәрінің кәсібі — жүзім өсіру. Мемлекет әр отбасыға жыл сайын қайтарымсыз 28 мың юань (*1 млн 550 мың теңге*) береді. Мысалы, біз ат басын бұрған Осман Қасым меншігіндегі 30 сотық жерге жүзімнен бөлек, грек жанғағын өсіріпті. Жылдық табысы — 1 млн юань (*150 мың АҚШ доллары*). Оның дені жүзім дәлізін тамашалауға келетін саяхатшылардан түседі.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(сурет автордікі)
(Жалғасы бар)

Қызылмия топырағы құнарлы жерде өсетін өсімдік. Сондықтан өліміздің басым бөлігінде ежелден қалың өседі. Бұрын сол қызылмияның жонында мыңғырған мал жататын болса, қазір шөптің тамырын торыған адам көп. Өйткені тамырды оңай олжа, тосын табыс көзіне айналдырғандар бос жатқан жайылымды қопарып жатыр. Қопарғанда да жердің бетінен қылтиған көкті көрмейсіз. Шаңы шыққан даланың қазіргі кейіпін бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Сондықтан да болар, жұрттың улап-шулап жоғарыдағылардан көмек сұрайтындай жөні бар.



Бұл жолы Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында қызылмияны қазғандар жайылымды топыраққа айналдырып, мал аштан қататын болды деген әңгіменің шеті шықты. Ащысай ауылы тұрғындарының шын мәнінде шырылдайтындай жөні бар. Жайылымдық жер тарылды. Үп еткен жел тұрса, ауылдың маны шаннан көрінбей қалады. Мәселенің жай-жапсарын білу ниетімен сол ауылға КТК арнасының тілшілерімен бірге аттандық. Ащысайлық азаматтар бір жерге жиналып, мәселенің мәнісін айтуға, даудың неден шыққанын жеткізуге дайын тұр екен. Сөйтсек, қызылмия өсімдігінің тамырын жинау кешелі-бері емес, осыдан 2-3 жыл бұрын басталыпты. Алғашында бұған ешкім мән бермеген. Ал осы көктем келгелі бері жайылым кара топыраққа айналып, тіпті ауылдың айналысынан да тыныштық кеткен. Жағдайдың ұшығып бара жатқанын білген жұрт, ауылдың атқамінерлеріне бірнеше рет шағымданған. Естігін, ескеретін, шара қолданатын жан табылмапты. Ел-жұрт «Тыныш отыра берсек, ауылдың айналасында мал жайылатын жер қалмайды, көктемде көктейтін көк желектен де айырылып қаламыз ба?» деп үрейленеді.

Ауыл тағдырына аландаған тұрғындардың жай-күйін жақсы түсінуге болады. «Ауылдың айналасын әлі қазып жатыр. Барып, өз көздеріңізбен көрсеніңдер болады» деген соң, ат басын ауылдың шетіне бұрдық. Алматыдан арнайы келгенімізді естіген болуы керек, танертеннен ауылдың шетін қопарған техникалар біз жеткенше ғайып жоғалыпты. Бірақ қазылған жырларға қарап тұрып, олардың жұмысты уақытша тоқтатқандарын байқадық. Журналистердің келгеніне қуанған ауыл тұрғындары ашы шындықтың бәрін жайып салды. Бір тұрғын Шелек ауылында қызылмияның тамырын қабылдайтын орталықтың мекен жайын айтты. Ат басын бірден Шелекке бұрдық. Көшесінде кетіп бара жатқан бір тұрғыннан «қызылмияның тамырын өткізуге келіп едік» дегенімізде, ол бізге бірден жол көрсетті. Орталықтың



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Азаматхан ӨМІРТАЙ, «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының жетекшісі:

«Егер тамыр қазып алынса, оның орны міндетті түрде қайта толтырылуы керек. Менің ойымша, қызыл мияны қайтадан терең зерттеп, табиғатты қорғау ұйымдарымен бірге өліміздің «Қызыл кітабына» енгізгеніміз жөн. Ал Ащысайдағы жағдайды дұрыстап тексеру қажет. Қазіргідей тамырды заңсыз шекара асыра берсек, бағалы өсімдіктен келешекте мүлде айырылып қалуымыз мүмкін. Бұл мәселе бойынша Алматы облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасына шағым түсіремін».

Ауыл тұрғыны Жетпісбай Бәкеев: «Қарап тұрсаңыздар, қызылмияның тамырын жинап жүргендер ауыл маңының да сау-тамтығын қояр емес. Кішкентай балалар ойнайтын, бұзау арқандайтын жердің өзі азайды. Табиғатқа да зиянын тигізіп жатыр. Әкім мен ауыл ақсақалының алдына қаншама рет барсақ та, қаскүнемдерге еш шара қолданбай отыр. Қазір жайылымдағы малымыз көк шөп емес, топырақ иіскеп қалды. Қазылған шұңқырға мал құлап, жанбыр жауса айнала түгел батпаққа айналуға. Ауыл шетіндегі коқыстың манын қазып тастағандықтан, қазір коқыс атаулы желмен ұшып, көрінген жерде шашылып жатыр. Осыны тоқтатудың бір жолын тауып беріңіздер?», — деді.

Ал жергілікті тұрғын Бекжан Қанаевтың айтуынша, осы мәселені ел-жұрт болып көтергендеріне 3 жылдан асыпты. Ол: «Шелек ауылында қазып алынған тамырды қабылдайтын екі орталық бар. Тамырдың 1 келісін 70 теңгеден сатып алады. Бұл өсімдікті «Қызыл кітапқа» енгізіп, қорғауға алмайынша, бұл мәселе шешілмейді. Әкімдіктерілерге шағымдандық, олар келіп шара қолданғандай болады. 1-2 күн тыйылады да, әлгі жер қопару қайта басталады. Шелекте қабылданған тамырлар Қытай асып жатыр деп естіміз. Осы бассыздық жалғаса беретін болса, бүтін бірдей ауыл жайылымнан айырылады», — деген назын айтты.

қақпасынан кіріп келгенде, көз алдымызда тау-тау болып үйіліп жатқан қызылмияның тамырын көрдік. Жалдамалы жұмысшылар алаңсыз тірлігін істеп жатыр. Камерадаң қашпады. Үйреншікті құбылыс секілді. Олар «Табиғатқа зиян екенін білсек те, отбасын асыраудың амалын тауып жүрміз» деп ақталды. Өзін Үсен деп таныстырған тұрғынның айтуынша, олар қызылмияны жуып, кептіріп, тамырын 20-30 см етіп кесіп болғаннан кейін сымтемірге орайды. Яғни дайын тауар. Ал әрбір бума үшін жұмысшыларға 350 теңгеден төленеді екен. Ауылда жұмыс жоқ екенін айтқан тұрғындар, нәпақасын осы жерден тауып жүр. Тіпті араларында зейнеткерлер де бар. Ал дайын болған қызылмия тамыры үш күнде бір 20-30 тонналық көлікке тиеліп жөнелтілетін көрінеді. Ол жакка қанша



теңгедан сатылатыны, шекарадан арғы бетке қалай өтетіні белгісіз. Зансыз жұмыс істеп жүргендерін білсе де, жұмысшының бірі:

— Сіздер қайдан келдіңіздер? Енді бұл жерді жауып тастайтын болса, біз жұмыссыз қаламыз ба? — деді.

Ал біз тұрғындардың сауалына жауап таппадық. Өйткені олар күндіз-түні тер төгіп, тауып отырған табысынан айырылып қалғысы




Фото: КТК

келмейді. Цехқа жауапты адамдар бірден қашып кетіпті. Егер барлығы заңды түрде болса, әрине, бізге бір жауабын беретін еді. Ал күнделікті нәпақасын тауып, отбасын асырап отырған тұрғындарда жазық жоқ. Қызылмияны қабылдайтын жолдың арғы бетінде тағы бір орын барын естіген соң, сол маңға қарай бет алдық. Темір қоршаулы аумаққа кіре алмай, біраз кідірдік. Ол жерде де жұмыс қызу жүріп жатыр. Сол манайда ойнап жүрген

«Қызылмия тамырын өткізуге келгендер, оны егістіктен алып келгенін айтады. Ал ауылдағы жайылымды жерлерді талқандап жатыр дегенді естімедім», — дейді.

Егер қызылмияны қазу 2-3 жыл бұрын басталды десек, бұл белгісіз біреулердің тәп-тәуір бизнесіне айналған. Мұның артында кім тұрғанын анықтағымыз келгенде, қарапайым жұмысшылар бастықтың аты-жөнін білмейтіндіктерін жеткізді. Олар «Бізге ақшамызды бригадир береді. Ол



1. Германияда қызылмиядан жақпа майдың 20-30 пайызы жасалады.
2. Бетті жасарту үшін тамырын қайнатып ішеді.
3. Тәттілігі жөнінен бұл өсімдік қанттан 50 есе артық.
4. Финляндия, Норвегия, Дания, АҚШ елдері түрлі шоколад шығаруға осы өсімдікті пайдаланады.

кішкентай балақайларға «Мия өткізейік деп едік, қақпаны аша ғой» деп өтіндік. Баланың аты — бала. Олар ашты, біз ішке ендік. Мұнда да жұрт алаңсыз жұмыс істеп жатыр. Мектептегі баладан еңкейген қарияға дейін тамырды сұрыптап, сымтемірмен байлап жатыр.

Өзін Күлән деп таныстырған әжей: «Зейнетақы аз, шиттей бала-шағаның қамымен осында жүрміз. Немерелерімнің кем-кетігіне көмектесейін дегенім. Тазалаған мияның бір келісіне 30 теңгеден аламыз. Танертеннен кешке дейін 2000-3000 теңге табамыз. Қытайға әкетеді деп естіміз. Табысымызды күнделікті қолымызға ұстатады», — деді.

Ауыл тұрғындарынан құралған 30-40 адам осы жерден нан табады. Жұмыс ауыр болса да, күнделікті тапқан табысын қанағат етеді. Осы кезде өзін цехтын бригадирімен таныстырған жігіт:

қазір жұмыста емес. Бізбен кешке қарай есептеседі», — деді.

Қызылмия төңірегінде әңгіме көп. Әсіресе оның пайдалы жактарын әлдекімдер мың құбылтып айтады.

Қызылмияның пайдасын әлем елдері ежелден біледі. Қазіргі таңда дәрілік шөп әлем бойынша фармацевтика саласында көп пайдаланылады. Тамақ өндірісі мен косметика саласында да көдеге асуда. Мәселен, Германияда қызылмиядан жақпа майдың 20-30 пайызы дайындалады. Ал Тибетте жасаруға арналған коспа әзірленеді. Ал тәттілігі жағынан бұл өсімдік қанттан 50 есе артық. Сондықтан бірқатар дамыған елдерде өсімдіктен шоколад дайындалады. Қызылмия «Қызыл кітапқа» еңбеген. Сондықтан оның тамырын іздеген табысқойлар жазадан оңай жолмен құтылып кетеді. Дәрілік шөпті атүсті қазушылар туралы жауапты мекемеден сұрап білдік.

Сәкен ДІЛДАХМЕТ, Ауыл шаруашылығы министрлігі орман және жануарлар әлемі комитетінің баспасөз хатшысы:

«Қызылмия — «Қызыл кітапқа» еңбеген өсімдік. Заңсыз жұмыс істейтіндердің тамырды теруге рұқсаты болмаған жағдайда өкімшілік жазаға тартылады. Дәрілік шөптерді шетелге экспорттауға да болады. Біріншіден, бұл дәрілік өсімдіктің рұқсаттама қағазы болады. Екіншіден, сараптамадан өткен биологиялық негізгі емес өсімдік болуы керек».



Сүлеймен МАРАЛБАЙ, табиғи шөп дәрілермен емдеу орталығының басшысы:



«Қызылмияның ерекшелігі ең алдымен бауырды, асқазан жолын қуаттандыруы. Сонымен қатар тыныс жолы ауруына да ем. Қазір халық Тибет, Қытай медицинасына жиі жүгінеді. Осы орайда қазақ медицинасын жаңғыртуға мемлекет тарапынан шара қолдана с деген ұсыныс бар. Қытайға тасымалданып жатқан тек қызылмия емес, алтын тамыр секілді басқа да бағалы шөптер бар. Бұл жағдай шын мәнінде ел экологиясына өте зиян. Мемлекет бұған тосқауыл қойған дұрыс. Табиғи өнімді өзіміз өндіріп, халыққа шипалы дәрі-дәрмек ұсынуымыз керек. Артылғанын ғана шетелге сатқан дұрыс».

ТҮЙІН:

Бұл бірінші рет қозғалып отырған әңгіме емес. Қызылмияның тамырын қазушылар 2013 жылы Оңтүстік өңір мен Қызылорда өңірінде жұртқа маза бермеген екен. Ал дәл сол жылы Жамбыл облысының Сармолдаев елді мекенінің тұрғындары мия қазушылардан зардап шектік деп бірқатар БАҚ өкілдерін шақырған. Ал 2014 жылы Қызылорда облысының Жуантөбе ауылының тұрғындары да жайылымды жапырғандардан қорлық көрген. 2010 жылы Орал қаласында қызылмия өңдейтін зауыт ашылып, шикізаттың тапшылығынан жабылып тынған. Ал 2014 жылы осындай зауыт Қызылорда өңіріндегі Жалағаш ауданында ашылған. Зауыт жылына 6000 тонна мия тамырын өңдейтін болған. Қазіргі жай-күйі белгісіз.

Макпал НОҒАЙБАЕВА, (фотоны түсірген автор)



www.jasqazaq.kz

BIRLIK

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

түкпір-түкпірін аралауыма мүмкіндік сыйлады. Казак тілін жақсы білуім, терең түсінуім өмірімде көп септігін тигізді. Басымнан өткен бір

спорт оны күн өткен сайын шымырлаған тұңғығына тартты. Жаттығудан қалмай, күн-түн демей, қызу дайындалуының арқасында ол биік белестерді бағындырды. Тынымсыз еңбек — жеңіске жетеледі. Нәтижесінде еліме қандай сый көрсетсем деген ойы іске асты. Дмитрий Ольховский баптаған шәкірт былтыр жасөспірімдер арасында Оралда өткен

«Алена» деп атайтын жанның шын есімі — Альфия Амангелдіқызы. Әкесі — казак, анасы — татар. Инженерлік-техникалық техникумды тәмамдаған. Бүгінде жеке кәсібін дөңгелетіп отырған іскер жандардың бірі. Бизнеспен айналысқанына да жиырма жылға жуық уақыт болды. Кейіпкеріміз: «Өлшеулі өмірде бәрімен сыйласып өткім келеді. Адамдардың достыққа



ЖЕТІСУДЫҢ ЖАСТАРЫ

бірқатарымен кездесіп, сыр-сұхбат құрып, елге, жерге деген сүйіспеншілігін тыңдадық. Әрине, әрқайсысының айтар әңгімесі, тіршілік жолы, жетілу барысы әр алуан. Бірақ жетістігі – бір арнада тоғысып, ортақ Отанымызды гүлдендіруге үлес болып қосылып жатыр. Ал бірқатары мемлекеттік тілді меңгеруге келгенде алдына жан салмай, аймақтың айтулы азаматтарының қатарын толықтырған.

ЕЛІН СҮЙГЕН ЭМИЛЬ



Бірінші кейіпкер. Ол өзі туралы былайша сыр шертті: «Бала кезімнен бері өзімді «есімі кате қойылған казак» деп есептеп, атымды сұраған адамға казакпын деп жауап бердім. Үш жасымда балабақшаның казак тобына бардым. Анам тәрбиешілерге: «Мекенжайын, есімін өзі біледі. Қажет болса, телефон нөмірімді де айта алады», — деп табыстап кетті. Топтағы ұл-қыздар өзін таныстыра бастады. Балалар Серік, Берік, Данияр, Сәуле, Меруерт дегенде, менің атым кате деп ойладым. Жан-жағыма қарайладым. Кезек маған келгенде Жандос дедім. Түріме қараған тәрбиеші сенбеген кейіппен: «Ұлтың кім?», — деді. Еш мүдірместен: «Қазакпын. Әзірбайжан отбасында дүниеге келген казакпын», — дедім. Жымия қараған апай ештеңе демеді.

Қайтатын уақыт болды. Барлығын ата-анасы тосып тұр. Сол уақытта тәрбиешінін: «Жандос, анаң келді», — деген даусын естіп, жүгіріп бардым. Менің келгенімді көрген анам аң-таң. «Сіз баламды неге Жандос деп шақырдыңыз? Оның есімі — Эмиль», — деді. Ұстазым болса мән-жайды түсіндіріп әлек. Үйге барған соң ұлтымыз әзірбайжан, есімді Эмиль екенін ұрыспай, асықпай түсіндірді. Эмильдің мағынасы Жандос есімі сияқты жанымға жылулық ұялатты. Соған қарамастан, мектеп бітіргенше Жандос болдым.

«Қазак казакша оқуы керек» деген ұстанымымнан таймай, Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектепте білім алдым. Сүйікті пәнім Казакстан тарихы мен казак әдебиеті болды. Батырлар жырын, Абайдың кара сөзін, Есенберлиннің «Көшпенділерін», М.Өуезовтің туындыларын жата-жастана оқыдым. Тарихты оқу арқылы казак даласының өткені және бүгінмен таныстым. Кең байтақ жерде дүниеге келгенім, тарихы терең елдің азаматы болғаным, менің мақтаныш сезімдімді оятты.

Жоғары оқу орнына түсерде анам орыс тобында оқуыма мүмкіндік барын айтса да, журналистика бөлімінің казак тобына құжат тапсырдым. Таңдау жасауыма басты себеп, ұлан-ғайыр казак жерінің тарихын, көркем тіл — казак тілінің маныздылығын көрсеткім келді. Мемлекеттік тілде өткен түрлі байқауға қатыстым. Бұл еліміздің

оқиғаны айтайын. Отбасымызбен Балкаш көліне демалысқа баруды жоспарладық. Күні бұрын азық-түлік қамымен жүрдік. Маған 5 литрлік бөтелкемен су тасу жүктелді. Тапсырманы орындап болған соң достарыммен кездестім. Әңгімелесіп отырып уақыттың қалай өткенін байқамай қалдық. Үстімде жұқа киім, қалтамда 150 теңге ғана бар. Кешкілік жаурай бастадым. Асығандым азық-түлік толы ауыр сөмке. Аялдамаға бара жатқанда аяғымды ауыртып алып, амалсыз көлік тостым. Зуылдаған машиналар тоқтар емес. Енді үмітім үзіле бастағанда бір көлік тоқтады. Рульде отырған казак кісі екен. Әңгімелесе бастағаннан оған казак тілінде жауап бердім. Жағдайымды түсіндірдім. Жол-жөнекей болмаса да: «Кеттік, балам», — деп үйіме жақын жерге тегін жеткізіп тастады. Ойлап қарасам, егер казак тілін білмесем, соншалықты сырласа алар ма едім. Осы тәріздес оқиға өте көп. Казак ортасында өскеніме қуанамын. Өйткені, менің жүрегім — казак, атым — Жандос».

Талдықорған

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАЙДЫ

Екінші кейіпкер. Қасиетті казак жерінде шар болаттай шыңдалып, елім деп өміренген азаматтардың байрақты бәсекелерде намысыңды қорғағаны Алашқа деген зор құрмет емес пе?! Солардың бірі — ұлы даланың ұланы болғанын мақтан тұтатын ауыр атлет Сайхан Тайсуев.



Мұхит асып, әлемді таңғалдырып, талайдың жігерін құм етіп жүрген толағай 2002 жылы 21 мамырда Үштөбе қаласында туған. Бала күнінен спортты жанына серік еткен Сайхан небәрі 9 жасынан бастап ауыр атлетикамен айналысады. Оны алғаш жаттығу залына ағасы ертіп барған. «Тау көтерген Толағайларды» көрген баланың спортқа қызығушылығы оянып, сол күннен бастап жаттығуға кіріседі. Өзі қатты құмартқан

ел біріншілігінде чемпион атанды. Биыл АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында 67 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанып, әлем рекордын жаңартты. Жұлқа көтеруде 127 келіні, серпе көтеруде 161 келіні еңсерген Сайхан қоссайыс қорытындысы бойынша 288 келіні бағындырды. Одан бөлек, ол серпе және жұлқа көтеруден кіші алтын жүлдені де қанжығасына байлады. Серпе көтеруден жасөспірімдер арасындағы әлем рекордын да жаңартты. Әлем біріншілігінде топжарған толағайды жеңіс алға жетеледі. Алда сойқан күшті Сайхан армандаған мұзарт шын бар. Ол: «Жер жәннаты — Жетісу жері талай тарланбоз спортшыны баптаған мекен. Мұнда жауырыны жерге тимеген апайтөс балуандар, шойын жұлдырлық боксшылар мен зілтемір көтерген толағайлар жетерлік. Барлығының арманы бір, ол — ел абыройын асқақтату. Мен де қайтсем, еліміздің айдарынан жел естіріп, мерейін өсіріп, Олимпиада чемпионы атануға тырысамын. Алдыңғы буын ағаларымыздың салған жолын жалғап, әлем чемпионы атану үшін барымды саламын», — дейді.

Иә, шоктығы биі саңлақ, өз басынан ел абыройын жоғары қоятын рухы мықты ұл. Бейбіт күннің батырының туған еліне деген адалдығы мен сүйіспеншілігі — ғажайып ғибраттын қайнары. Бұйырса, әлі талай жеңісіне қуанатын боламыз. Төрткүл дүниені таңғалдырып, дүбірлі додаларда жеңістің желкенін көтере беретініне көміл сенесің. Олай болса, жас чемпионға көк байрақтың астында өнер көрсете бер демекпіз.

Қаратал ауданы

БІРЛІКТІҢ БЕРЕКЕСІ

Үшінші кейіпкер. Альфияны Қарабұлақ ауылындағы жеке дүкенінен жолықтырдық. Жүзінен мейірім төгіліп тұрады. Әр келген тұтынушылармен жылы сөйлесіп, ешкімнің көңілін қалдырмайды.

Осыған дейін есімін сырттай естіп, еңбегіне қанық болғанбыз. Тұтынушылардың басым көпшілігі



деген махаббатын жоғары бағалаймын. Жарым Алексей Цой екеуіміз екі бала тәрбиелеп отырмыз. Тұңғышымыз Айна Балтабекова Семейдегі медицина университетінде оқиды, екіншісі Александр Цой Талдықорған қаласындағы «Жетісу» телеарнасында жұмыс істейді. Оларға да үнемі ар мен адалдық, өмірге құштарлық, жақсы адамдар жайлы айтып отырамын. Жаксылыққа жаны құмар жанның жүзі жылы, келбеті көрікті келеді, — дейді кейіпкеріміз.

Жары Алексей де жеке кәсіптің құлағын ұстаған азамат. Ауыл шаруашылығымен айналысады. Бүгінгі әңгімемізге өзек болған отбасы нағыз бірліктің бейнесіндей. Жеке басқа емес, бір ұлтқа, мемлекетке адал қызмет істеп келеді.

Ескелді ауданы

«ДИАНА ДҰРЫС АЙТАДЫ»

Төртінші кейіпкер. Сергей Щербаков өнегелі өмірі туралы былайша сыр шертті: «Тіл — әрбір ұлттың казынасы. Адамдар сөйлеу арқылы тіл табысып, қарым-қатынас орнатады. Көп тіл білген сайын адамның көкжиегі де кең болады. «Бір тіл білсең — бір адамсың, екі тіл білсең — екі адамсың» демекші, көп тіл білген адам рухани бай болары сөзсіз.

Ақсу ауданының Жансүгіров кентінде балалық шағымыз өтті. Қазактардың ортасында өстік. Казак тілін бір кісідей білеміз, түсінеміз. Көп кісілермен ағайындай араластық. Осы сыйластығымыз бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ортақ Отанымызда тұратын әрбір ұлт өкілі казак тілін білуі, құрметтеуі тиіс. Осы орайда қызым Диананы бастауыштан казак сыныбына беріп едім. Қазір Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясының 11-сыныбында оқиды. Казак тілін жетік біледі. Үлкен қызым Рустина да жартылай казак, жартылай орыс сыныбында оқиды. Қос тілді білгенін артықшылығы өте көп. Оны балаларымызбен әңгіме-дүкен құрып, пікір таластырғанда анық сезінеміз. Қазір уақыт талабына сай балаларымыз ағылшын тілін де меңгеруде.

Диананың арманы — биыл мектеп бітірген соң режиссерлік оқуға түсу. Ол болашақта казак тарихы туралы фильмдер түсіруді армандайды. Бұл да болса, өзіміз туып-өскен казак жеріне, халқына деген ризашылықтан туындап жатқан арман-тілек деп ойлаймын. Сондықтан Диана дұрыс айтады», — деп ойлаймын.

Талдықорған қаласы

ТҮЙІН:

Біздің кейіпкерлердің әңгімесі осылай өрілді. Олардың бәрі адал еңбегімен көзге түсіп, елдің мақтанышына айналған. Өз отбасындағы бірнеше ұлт өкілінің берекесін кіргізіп отыр. Бірі — спорт саласында үлкен биіктерді бағындырса, енді бірі мектеп қабырғасында жүрсе де мемлекеттік тілді ана тілінен жоғары қояды. Олар өзгелерге өнеге көрсетуде десек те болады. Қалай айтсақ та, қасиетті елдің қадірін артып, беделін биіктетіп жүр.

Осындай игілікті істерге куә болғанда байтақ елден, берекелі жерден достықтың мәңгілік үзілмейтінін сезінесің. Бәріміз де өркениетке бет алған елімізді гүлдендіру жолында күлшына еңбек етіп жүрміз. Ізгілік жібі үзілмесе, алдағы уақытта алар асуымыз бен шығар биігіміз аласа болмайтыны белгілі.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша
меншікті тілші



BELES



7

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Көкейкесті

Тәуелсіздік алған ширек ғасырдан бері қазақ экранында қандай кейіпкерлердің шынайы бейнесін қалыптастыра алдық?! Осы сауалға жауап іздегенде, бәріміздің тығырыққа тіреле беретініміз анық. Шындығын айтсақ, бүгінде ер мінезді кейіпкерлерге деген мұқтаждық бар. Заманауи. Бүгінгі күннің қаһарманы кім?! Салмақты бейне қалыптастыра алдық па?!

ЕР МІНЕЗДІ КЕЙІПКЕРГЕ ЗƏРҮМІЗ



Токсаныншы жылдардағы жана толқын режиссерлер түсірген фильмдердің көпшілігінде бас кейіпкерлердің болмысына шарасыздық тән. Олар — өтпелі уақыттың құрбандары. Күрескерлік мінез оларға тән емес. Онан кейін екіншінің жылдарда тарихты қайта жаңғырту, өткен заманның зиялы өкілдерінің өмірін жүйелі түрде түсірулі қолға алдық. Өз уақытынан кешігіп болса да біраз тақырып қамтылды. Олардың басты қаһармандарының көпшілігі — кеңес дәуірінің саяси құрбандары. Құнанбай да, Мұстафа Шоқай да, тіпті Балуан Шолақ та. Бірақ осы тарихи тұлғалардың ұстанымдары ерекше. Мүмкін, қазақ халқы осындай тұлғалардың ер мінезінің арқасында сақталып қалуы да ғажап емес?! Себебі тарихи деректердің негізінде бірін-бірі сатып кету, бір мүддеге бірікпеу сияқты біртүрлі қиындар істердің бар екендігі дәлел. Бұл өкінішті.

Тарихтың жалпына алтын әріппен жана қадамдар жазылса деймін. Батыл әдістермен. Саяси шеберлікпен. Құрығанда көркемдіктің мүмкіндігін қолдану керек. Экранда шешуші рөлге ие болатын жана кейіпкерлер қажет. Заманауи. Ер мінезді. Балаларымызға үлгі болатын. Ұсақталған ұстанымдарды насихаттағаннан ешнәрсе ұтпаймыз.

Кейде бәрін қолдан ұйымдастыру маңызды. Тек таңдау өзімізде. Келешегіміз қандай болғанын қаласақ, экранда да дәл сондай бейнелерді қалыптастыру қажет. Шығармашылық тұлғалар да саналы түрде саяси қадамдар жасағанымыз жөн. Өзімізді сақтағымыз келсе, осындай қадамға баруға тиістіміз. Мемлекеттің қаржысын игеретіні де, жеке қаржысына фильмін түсіретіні де. Мүдделер бірікпесе, мақсат орындалмайды.

Соңғы жылдарда түсірілген фильмдердің ішінде «Балуан

Шолақтың» бейнесі ерекше шеберлікпен ашылған. Ер-азаматқа тән қасиеттің бәрі қамтылған. Біз осындай өз заманымыздың қаһармандарына мұқтаждық. Үлгі алатын. Дұшпанына қарсы тұратын. Қорған болатын. Ұстанымдарына берік. Жауапкершілікті көтеретін. Қашпайтын. Қорықпайтын. Үлесінде тұратын. Кесек денелі. Рухты. Батыр.

Бүгінгі заманның адамдары тым ұсақ. Ұстанымдары да солқылдақ. Сол себепті, ортамыздан ер мінезді кейіпкерлерді шығара алмауымыздың өзі заңды. Өмірлік негізі әлсіз. Әйел мен ер-азаматтың табиғатына тән қасиеттері мен міндеттерінің рөлі ауысып кеткен. Кейіпкерлеріміздің көбісі, бос — сайқымазақ. Тұлғалық рөлі жоқ. Көпшілігі жалаң, бос ұран. Артқыда ірі ісі де, бір ізі де байқалмайды. Әлі күнге дейін өткен ғасырдың тұлғаларын экранымызға арқау етеміз. Бүгінгі заманның басты кейіпкерлерінің шынайы бейнесі — «Тренинг личностного роста» атты фильмдегі шенеунік. Міне, масқасыз бүгінгі фильмдердегі ортамыздан шыққан басты қаһармандар. Бұл біздің — бетке ұстар деген азаматтарымыздың интеллектуалдық өресіне қойылған диагноз. Шынайы. Боямасыз. Заманауи кейіпкерлер.

Қазіргі қазақ киносы мен сатира театрлары әйелді көбірек сомдап, еркектердің өзін езге айналдырып барады. Бүгінгі күннің өзінен ірі кейіпкерді табу қиын. Ер мінезді кейіпкерлерді көрсету арқылы ғана біз көптеген құндылықты, адамгершілікті, имандылықты, тарихты қалпына келтіре аламыз. Режиссерлер осыны ұмытпағаны жөн.

Гүлзат КӨБЕК,
кинотанушы, өнертану
PhD докторы

Базарлық

Биыл 24 мамыр және 1 маусым аралығында өтетін Zlin Film Festival — балалар фильмдеріне арналған әлемдегі ең ірі кинофестиваль. Көрсетілімдер Злин қаласынан бөлек, басқа

Қазақ балалары үшін қайтарымы мол сыйлық жасағандардың бірі — режиссер Тұрдыбек Майдан мен Тілек Төлеуғазын. Олардың «Мұзбалақ» толықметражды анимациялық фильмі «е» дегеннен жұрт назарын аударды. Baq.kz хабарлағандай, бұл туынды Чехияның Злин қаласында 59-ші рет өтетін балалар мен жасөспірімдерге арналған «Панорама» кинофестивалінің байқаудан тыс бағдарламасында көрсетіледі.

бірнеше байқауда жүлде алған. Ең бастысы, «Мұзбалақ» балалар үшін рухани құндылықтарды

«МҰЗБАЛАҚ» ЧЕХИЯҒА БАРАДЫ

да қалаларда жүреді. Жыл сайын 50-ден астам елден келген 300-ге жуық фильм көрсетіледі. 2010 жылдан бері 95000 тұрақты көрермен тіркелген. Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан саятшылық мәдениеті және адам мен бүркіт арасындағы достық туралы баяндайтын туынды осыған дейін

насихаттайтын толықметражды анимациялық фильм.

Ғалия ҚҰРМАН

Аймақ

Еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін қоса алғандағы барлық энергия тұтынудың кем дегенде тең жартысы өндірілуі тиіс» деп атап өтілген. Осыған байланысты жер-жерде жұмыстар жүргізіліп жатыр.



Мәселен, биылғы қаңтар-наурыз айларында Жамбыл облысының Талас ауданында негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 1475,2 миллион теңгені құрады. Аудан халқының жан басына (55179 адам) шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 26,7 мың теңгеге жетті.

Бұл тұрғыда ауданда екі инвестициялық жоба іске асырылуда.

Біріншісі — құны 1867,6 миллион теңгені құрайтын, қуаттылығы 4,5 мВт болатын жел электр энергиясын өндіру құрылысы. Осы мақсатта «Wind Power city» ЖШС-не Қызылөуіт ауылдық округінен 21 гектар жер телімі бөлінді.

Жобаның жобалық-сметалық құжаты дайындалды. Егер осы жоба іске асқан жағдайда 12 жұмыс орны ашылуы тиіс болатын. Бұл энергетика министрлігінің тізіміне енгізілген жоба. Қазіргі таңда «Wind Power city» ЖШС тарапынан ауданға 1142,2 миллион теңге инвестиция құйылды. Құрылыс жұмыстары

ауданға инвестиция тарту мақсатында шетел кәсіпорнымен құны 2,1 миллиард теңгеге келісім жасалынды.

Талас аудандық әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ауданбек Тауасаров: «Бұл жобалардың іске асырылуы Талас өңіріндегі электр энергиясын пайдаланудағы баламалы энергия көздерінің үлесін жоғарылату бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың дәлелі болып отыр. Ауданда жел қуаты жетерлік. Ал енді табиғаттың сыйын адамдардың игілігіне жарату — бүгінгі ұрпақтың міндеті», — деп атап өтті.

Талас ауданы — облыстың өнеркәсіп өндірісі дамыған аймағының бірі. Негізгі капиталға салынған инвестициялар жөнінен де аудан алға шықты. Мәселен, өткен жылы жалпы өндірілген өнімнің және қызмет көлемі 33 миллиард 826 миллион 800 мың теңгені құрап, аудан экономикасының алға жылжуына оң әсерін тигізді. Ал 16 миллиард 808 миллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері

700 мың теңгені құрайтын 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асты. Айта кетейік, Қаратау қаласындағы «Talas Investment Company» ЖШС жылына 15 мың тонна цианид натрийін, «Жамбыл Недр» ЖШС жыл сайын 300 мың тонна цемент өндіруге, «Қаратау Про» ЖШС жыл сайын 110 мың тонна мәрмәр тас өңдеп шығаруға қауқарлы.

Нақты атап айтсақ, бүгінгі таңда Талас ауданында 5 инвестициялық жоба жүзеге асты. Мәселен, жалпы құны 20 миллион теңгені құрайтын сүт және ет өнімін өндіретін «Жұма» жеке кәсіпкер цехы, мәрмәрдан плиталық тас, баспалдақ, кірпішке арналған табиғи тас шығарумен айналысатын құны 15 миллион теңгелік «Атамекен Мрамор Көктал» ЖШС, құны 20 миллион теңгені құрайтын, мәрмәр өңдеумен айналысатын «Азмина Мрамор» ЖШС, әртүрлі құрылысқа керекті кафельді желім, сылақ қоспасы, сәндік сылақ өнімін шығаратын «Жамбыл-Недр» ЖШС мен жылына 24 мың тонна мұнай өңдейтін «Қаратау мұнай



басталып кетті. Оған әзірше 10 адамнан тұратын мердігер ұйым тартылған.

Екінші жоба да сондай. Жалпы құны — 1867,6 миллион теңгені құрайды. Қуаттылығы — 4,5 мВт. Қазір «Wind Electricity» ЖШС-не құрылыс жұмыстары үшін Қызылөуіт ауылдық округінен 22 гектар жер телімі берілді. Жобаның жобалық-сметалық құжаты дайын. Жоба іске асса, 10 жұмыс орны ашылады. Бұл жоба да энергетика министрлігінің тізіміне енгізілген.

Қазіргі таңда «Wind Electricity» ЖШС

өндіріліп, көрсеткіш 6 миллиард 169 миллион теңгеге артқан. Сонымен қатар негізгі капиталға салынған инвестиция 12 миллиард 218 миллион теңгені құрап, ауданның инвестициялық ахуалының жақсаруына үлес қосып келеді.

Жалпы, бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарламалардың, әсіресе аудандар үшін тиімділігі жоғары. Мәселен, Талас ауданында индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде жалпы құны 18 миллиард 211 миллион

өндеу зауыты» ЖШС аудан ахуалын тұрақтандырып, индустриялық аймақ қалыптастыруда белсенділік танытуда.

Бүгінгі таңда елімізде инвестициялық жобалар кенінен жүзеге асуда. Бұл тұрғыда мемлекеттің де қолдауы аз емес. Әсіресе облыстарды индустриялық аймаққа айналдыру, ол үшін инвестициялық жобаларды көбейту күн тәртібінде тұр. Инвестициялық жобалар нәтижесінде кәсіпкерлікке де кең өріс ашылып, әсіресе аудан орталығынан болмаса ауылды жерлерден әркім өзінің бизнесін ашып, экономикаға үлес қоса бермек. «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша Талас ауданында 1 миллиард 151 миллион 600 мың теңгені құрайтын 20 жоба іске асқан. Сонымен қатар «Банк несиелері бойынша кепілдік беру» бағдары бойынша 2 жобаға 11 миллион 100 мың теңгенің кепілдік сомасы жүзеге асырылған. «Атамекен» ҰҚП арқылы 2 кәсіпкерге 5 миллион 500 мың теңге несиесі берілген.

Айдос
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ЖЕЛДІҢ КҮШІ ЖЕЛГЕ ҰШПАЙДЫ





АИНА

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz



MUFTYAT.KZ
@MUFTYATKZ

РАМАЗАН

2019

ХИЖРИ 1440 ЖЫЛ

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ



Рамазан айы	Апта күндері	Мамыр және Маусым	Таң ауыз бекіту	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам ауызашар	Құптан
1	Дс	06.05	03:40	05:34	13:16	18:27	20:48	22:43
2	Сс	07.05	03:38	05:33	13:16	18:28	20:50	22:46
3	Ср	08.05	03:35	05:31	13:16	18:29	20:52	22:48
4	Бс	09.05	03:32	05:29	13:16	18:30	20:53	22:51
5	Жм	10.05	03:29	05:28	13:16	18:31	20:55	22:54
6	Сб	11.05	03:26	05:26	13:16	18:32	20:56	22:57
7	Жс	12.05	03:23	05:24	13:16	18:33	20:58	22:59
8	Дс	13.05	03:21	05:23	13:16	18:34	20:59	23:02
9	Сс	14.05	03:19	05:21	13:16	18:34	21:01	23:03
10	Ср	15.05	03:18	05:20	13:16	18:35	21:02	23:04
11	Бс	16.05	03:17	05:18	13:16	18:36	21:04	23:05
12	Жм	17.05	03:16	05:17	13:16	18:37	21:05	23:06
13	Сб	18.05	03:16	05:15	13:16	18:38	21:07	23:06
14	Жс	19.05	03:15	05:14	13:16	18:39	21:08	23:07
15	Дс	20.05	03:14	05:13	13:16	18:40	21:09	23:08
16	Сс	21.05	03:14	05:12	13:16	18:40	21:11	23:09
17	Ср	22.05	03:13	05:10	13:16	18:41	21:12	23:09
18	Бс	23.05	03:13	05:09	13:16	18:42	21:14	23:10
19	Жм	24.05	03:12	05:08	13:16	18:43	21:15	23:11
20	Сб	25.05	03:12	05:07	13:16	18:44	21:16	23:11
21	Жс	26.05	03:11	05:06	13:16	18:44	21:17	23:12
22	Дс	27.05	03:11	05:05	13:16	18:45	21:19	23:13
23	Сс	28.05	03:10	05:04	13:17	18:46	21:20	23:13
24	Ср	29.05	03:10	05:03	13:17	18:46	21:21	23:14
25	Бс	30.05	03:09	05:02	13:17	18:47	21:22	23:15
26	Жм	31.05	03:09	05:01	13:17	18:48	21:23	23:15
27	Сб	01.06	03:09	05:00	13:17	18:49	21:24	23:16
28	Жс	02.06	03:08	04:59	13:17	18:49	21:26	23:16
29	Дс	03.06	03:08	04:59	13:17	18:50	21:27	23:17
30	Сс	04.06	03:08	04:58	13:18	18:50	21:28	23:18

ЕСКЕРТУ:

- Сәресі ішу, яғни ауыз бекіту таң намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтату абзал.
- Ақшам намазының уақыты кіргенде ауыз ашылады.
- ҚМДБ төралқасының шешімі бойынша биылғы пітір садақаның ең аз мөлшері 300 теңге болып бекітілді.
- Мамырдың 31-нен Маусымның 1-не қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Солардың жанқиярлық ерліктерінің арқасында кейінгі ұрпақ – біздер, міне, бірнеше ондаған жыл бейбіт аспанның астында өмір сүріп жатырмыз. Ендігі міндет – сол қарияларға барынша құрмет көрсету. Осы мақсатты ту еткен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы «Жеңіс» жобасының аясында елордалық бір топ ардагерге сыйлықтарын табыстап, құттықтап шықты. Компания үшін бұл шара жыл сайынғы игі дәстүрге айналған. Биылғы акцияға «ҚазМұнайГаз»



Айдархан Байкенұлы

компаниясының жас мамандар кеңесінің мүшелері қатысты. Мұндағы мақсат – өрендерді игі істерге итермелеу, үлкенге құрмет көрсете отырып, өткен тарихқа бойлату. Қолдарына ақ қоржындары мен шок гүлдерін құшақтаған бір топ жас ең әуелі елордалық Александр Бабичевтің үйіне бас сұқты. Токсанды әлдеқашан алқымдаған ардагер көп нәрсені есінде сақтай алмайтын халге жеткен. Дегенмен, талайды жалмаған сұм соғыстың әр күні әлі есінде. Өйткені майдан даласын естен шығару мүмкін емес деп отыр ардагер. Александр Семенович Украина, Румыния, Венгрия мен Аустрияны басып өтіп, Чехословакияға дейін жеткен. Ол ең әуелі қатардағы минометші, кейін екінші украиндық фронттың 12-ші гвардиялық полкінің командирі болса керек. Лейтенант Бабичев жеңістің ақ таңын Братиславада қарсы алған. «Екі жылдан кейін 100-ге толамын. Соған жетуім керек. Міндетті түрде мерейтойыма келетін болындар», – деп жымиды қария.

Біз барған тағы бір ардагеріміз Мұқан Темірғалиұлы 96-да, дегенмен әлі де тың. Шоқ гүлдерін құшақтай келген жастарды қуанышпен қарсы алып, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өкілдерін жыл сайын күтіп отыратынын айтты. Мұқан ата да майдан даласын біраз еске алды. «Белоруссияны азат ету кезінде Минскі

группировкасында болдым, бізді немістер қоршап алды. Ол жерден аман-есен босау деген ойда болған жоқ. Қарулары да мықты еді. Қалай екенін білмеймін, әйтеуір біразымыз жаудың қоршауынан сытылып шықтық. Орманның ішіне кірдік. Өлік сасиды... Қырылған адам... Сондай қырғын заман болды», – деп күрсінді ардагер.

Белоруссия мен Польшаны азат етуге қатысқан Мұқан Темірғалиұлы әскер қатарына Қарқаралыдан шақыртылған. «Бүгінгі жастар бақытты, тәуелсіз елдің тумасы. Мемлекет сендер үшін барлық жағдайды жасап жатыр. Соған риза болындар!», – деді Мұқан Балапанов. Ардагер ең әуелі деннің саулығын тілеп отыр. Әр атқан таңына риза, күн сайын шөбересінің маңдайынан сүю бақыты бұйырған, соған шүкіршілік етуде.

Бүгінгі күнге алғысын жаудырып отырған тағы бір ардагер Айдархан Байкенұлы. Мәскеу үшін шайқасқа қатысқан ол атақты 8-ші атқыштар дивизиясының құрамында болған. Аксақалдың да айтары бар, бірақ ол өткенін емес, жастардың болашағы туралы сыр шертті. «Қазақстан қазір өз алдына мемлекет! Мықты мемлекет. Сендер жастар таза болындар! Бір-біріңмен тату болындар! Біз қазақ деген намысқой халықпыз», – деді ардагер.

Азық-түлікке толы себет пен сыйлық салынған қоржынның тағы біреуі Елена Балкаринаның үйіне жол тартты. Беларусь түбіндегі шайқасқа қатысқан қарияны уақыт әбден жеңген екен. Жасы келген сайын ардагер суретке түсуді де қаламайтын көрінеді. Дегенмен мерейтой қарсаңында өзін елегендерді қуана қарсы алады.



Александр Бабичев

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы «Жеңіс» акциясының аясында тек Нұр-Сұлтан қаласының ардагерлерін емес, еншілес компаниялары арқылы еліміздің барлық өңірлеріндегі ардагерлерді құттықтап жатыр. Қатары сиреп келе жатқан Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерін елеусіз қалдырмау қай-қайсымызға болсын міндет. Сондықтан Қазақстандағы алдыңғы қатарлы компания мағыналы шараны әлі де жалғастыра бермек.

Гүлнәз САЙЛАУҚЫЗЫ,
журналист

ЖАДЫҢЫЗДА
ЖҮРСІН!



Оразаға қатысты үкімдер

Шариғат бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында күнде таң атқаннан бастап күн батқанға дейін оразаны ниет етіп, ішіп-жеуден, төсек қатынасынан тыйылу пары.

Хайыз және нифас кезінде әйелдер ораза ұстамайды. Жүкті немесе бала емізетін әйелдер ораза тұтқан кезде өзіне немесе баласына зиян келуден қорықса, сырқат кісі ауруының асқынуынан қауіптенсе, олардың ораза ұстамауына болады. Бұлар оразаның қазасын Рамазан айынан кейін өтеп береді. Рамазан айында жолаушыға да ораза ұстау міндет емес. Сапардан қайта оралғанда, қазасын өтейді. Кәрілік немесе жазылмайтын ауру себебінен ораза ұстауға шамасы келмейтін адамдар оразаның әр күні үшін пидия береді. Пітір садақаның мөлшері – 300 теңге. Бұл пітір садақаның ең төменгі мөлшері (мәлишерден артық беруге де болады).

muftyat.kz

ҚЫЗҒАЛДАҚ ҚҰЛПЫРҒАНДА...



Фото: Fotomix/KALINEBA

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТҰЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2164;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы – 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.